

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 912 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы**

2006 жылғы 14 наурызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы Келісім ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

ресми аударма емес

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С ы р т қ ы

і с т е р

м и н и с т р і

ж о ғ а р ы

м ә р т е б е л і

Қасымжомарт Тоқаевқа

Астана қаласы, 2006 жылғы 14 наурыз

Жоғары мәртебелі,

А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешенінің жабдықтарын жақсарту жөніндегі (бұдан әрі - "Жабдық") жобасына қатысты (бұдан әрі - "Жоба") Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі өкілдерінің соңғы кездесуінің қорытындылары бойынша қабылданған Жапон Үкіметі тарапынан мынадай ұсыныстарды енгізуге рұқсат етіңіз:

1. Қазақстан Республикасының білім беру қызметін жақсарту және дамыту мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне (48 600 000 Ү) қырық сегіз миллион алты жүз мың иен мөлшерінде грант (бұдан әрі - "грант") ұсынып отыр.

2. Грант осы келісімдер күшіне енген күнінен бастап, 2007 жылғы 13 наурызға дейін күшінде болып саналады. Аталған кезең мүдделі Үкіметтердің өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. (1) Аталған грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі Жапонияда шығарылған жабдықтарды сатып алу және жобаны орындауға байланысты қызмет көрсетулерді төлеу үшін, Қазақстан Республикасының аумағына дейін тасымалдауды қоса алғанда, қажетті өнімдерді жеткізу үшін ғана пайдаланады.

(2) Дегенмен, 1-тармақшаның ережесіне қарамастан, егер екі тарап осыны қажет деп санаса, онда грант шеңберінде басқа елдерде шығарылған (Жапонияда және Қазақстан Республикасында шығарылмаған) жабдықтарды сатып алуға рұқсат беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган Жапон өкіметтерімен 3-тармақта көрсетілген жабдықтар мен қызметтерді сатып алуды төлеу үшін келісім-шарт жасасуы қажет (есептесу бірлігі - жапон иені). ("Жапон өкіметтері" деген термин: жапондық жеке тұлғалармен басқарылатын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды білдіреді). Осындай келісім-шарттар грантқа сәйкес Жапония Үкіметімен бекітілуі тиіс.

5. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган кез келген Жапония банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган көрсететін Қазақстан Республикасының атына грантты орындау мақсатында пайдаланылатын банк шотын ашуы қажет.

(2) Жапония Үкіметі 4-тармаққа сәйкес Жапония Үкіметі бекіткен келісім-шарттар (бұдан әрі - "бекітілген келісім-шарттар") бойынша 1-тармақшада көрсетілген шот бойынша 1-тармақшада көрсетілген банк қызметін төлеу туралы талап қою жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе осыған уәкілетті органның міндеттемелерін жапон иенінде төлеуі тиіс.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында жарактандыруды қажетті кедендік рәсімдеуден өткізуді және оны тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) грант бойынша жарактандыруды жеткізу және қызмет көрсетуге қатысты Жапония өкіметтерін Қазақстан Республикасындағы алынатын салықтар бажынан, ішкі салықтардан және өзге де қаржы алымдарын төлеуден босату;

(в) бекітілген келісім-шарттар бойынша жарактандыру мен қызмет көрсетулерді жеткізу кезінде, осындай қажеттілік туындаған жағдайда, Жапония өкіметтеріне Қазақстан Республикасының аумағына кіруді ресімдеу және жұмыстарын орындау кезеңінде тұру үшін жағдай жасау;

(г) жабдықтарды дұрыс және тиімді пайдалану;

(д) грантпен төленбейтін грантты орындауға байланысты барлық шығыстарды төлеу;

(2) грант бойынша сатып алынатын жабдықтарды кеме және теңіз қатынасы арқылы сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеме және теңіз қатынасын сақтандыру компаниялары арасындағы адал және шынайы бәсекелестікке зиян келтіретін қандай да бір шектеулерден бас тартуы қажет;

(3) грант бойынша сатып алынған жабдықтар Қазақстан Республикасының аумағынан экспортқа шығарылмайды.

7. Екі Үкімет осы келісімдерге қатысты туындайтын барлық мәселелер бойынша қарама-қарсы тарапқа кеңес беруі қажет.

Мен Сізге осы Нота мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Сіздің Жоғары мәртебеніздің жауап Нотасы екі Үкіметтің арасындағы Келісімді құрайтынын ұсынғанды жөн көрдім, ол оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығын растайтын жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап, күшіне енеді.

Қолайлы жағдайды пайдаланып, Сізге деген жоғары құрметімді білдіремін.

Т е т с у о

И Т О

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н д а ғ ы

Жапонияның Төтенше және Өкілетті елшісі

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі**

Астана қаласы, 2006 жылғы 14 наурыз

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н д а ғ ы

Жапонияның

Төтенше

және

Өкілетті

елшісі

ж о ғ а р ы

м ә р т е б е л і

Тетсуо ИТО-ға

Жоғары мәртебелі,

"Сіздің мәртебеңізге ықыласымды білдіре отырып, Сіздің нотаңызды бүгін алғанымды хабарлаймын, онда мыналар баяндалған:

А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешенінің жабдықтарын жақсарту жөніндегі (бұдан әрі - "Жабдық") жобасына қатысты (бұдан әрі - "Жоба") Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі

өкілдерінің соңғы кездесуінің қорытындылары бойынша қабылданған Жапония Үкіметі тарапынан мынадай ұсыныстарды енгізуге рұқсат етіңіз:

1. Қазақстан Республикасының білім беру қызметін жақсарту және дамыту мақсатында Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапонияның ұлттық заңнамасына сәйкес 48 600 000 Ү (қырық сегіз миллион алты жүз мың) иен мөлшерінде грант (бұдан әрі - "грант") ұсынып отыр.

2. Грант осы келісім күшіне енген күнінен бастап, 2007 жылғы 13 наурызға дейін күшінде болып саналады. Аталған кезең мүдделі Үкіметтердің өзара келісімі бойынша ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

3. (1) Аталған грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі Жапонияда шығарылған жабдықтарды сатып алу және жобаны орындауға байланысты қызмет көрсетулерді төлеу үшін, Қазақстан Республикасының аумағына дейін тасымалдауды қоса алғанда қажетті өнімдерді жеткізу үшін ғана пайдаланады.

(2) Дегенмен, 1-тармақшаның ережесіне қарамастан, егер екі тарап осыны қажет деп санаса, онда грант шеңберінде басқа елдерде шығарылған (Жапонияда және Қазақстан Республикасында шығарылмаған) жабдықтарды сатып алуға рұқсат беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган Жапон өкіметтерімен 3-тармақта көрсетілген жабдықтар мен қызметтерді сатып алуды төлеу үшін келісім-шарт жасасуы қажет (есептесу бірлігі - жапон иені). ("Жапон өкіметтері" деген термин: жапондық жеке тұлғалармен басқарылатын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды білдіреді). Осындай келісім-шарттар грантқа сәйкес Жапония Үкіметімен бекітілуі тиіс.

5. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган кез келген Жапония банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган көрсететін Қазақстан Республикасының атына грантты орындау мақсатында пайдаланылатын банк шотын ашуы қажет.

(2) Жапония Үкіметі 4-тармаққа сәйкес Жапония Үкіметі бекіткен келісім-шарттар (бұдан әрі - "бекітілген келісім-шарттар") бойынша 1-тармақшада көрсетілген шот бойынша 1-тармақшада көрсетілген банк қызметін төлеу туралы талап қою жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе осыған уәкілетті органның міндеттемелерін жа п о н и е н і н д е тө л е у і ти і с .

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында жарактандыруды қажетті кедендік рәсімдеуден өткізуді және оны тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) грант бойынша жарактандыруды жеткізу және қызмет көрсетуге қатысты Жапония өкіметтерін Қазақстан Республикасындағы алынатын салықтар бажынан, ішкі салықтардан және өзге де қаржы алымдарын төлеуден босату;

(в) бекітілген келісім-шарттар бойынша жарактандыру мен қызмет көрсетулерді жеткізу кезінде осындай қажеттілік туындаған жағдайда, Жапония өкіметтеріне

Қазақстан Республикасының аумағына кіруді рәсімдеу және жұмыстарын орындау кезеңінде тұру үшін жағдай жасау;

(г) жабдықтарды дұрыс және тиімді пайдалану;

(д) грантпен төленбейтін грантты орындауға байланысты барлық шығыстарды төлеу;

(2) грант бойынша сатып алынатын жабдықтарды кеме және теңіз қатынасы арқылы сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеме және теңіз қатынасын сақтандыру компаниялары арасындағы адал және шынайы бәсекелестікке зиян келтіретін қандай да бір шектеулерден бас тартуы қажет;

(3) грант бойынша сатып алынған жабдықтар Қазақстан Республикасының аумағынан экспортқа шығарылмайды.

7. Екі Үкімет осы келісімдерге қатысты туындайтын барлық мәселелер бойынша қарама-қарсы тарапқа кеңес беруі тиіс.

Мен Сізге осы Нота мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Сіздің Жоғары мәртебеңіздің жауап Нотасы екі Үкіметтің арасындағы Келісімді құрайтынын ұсынғанды жөн көрдім, ол оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығын растайтын жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап, күшіне енеді.

Қолайлы жағдайды пайдаланып, Сізге деген жоғары құрметімді білдіремін."

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан алдыңғы келісімдерді сондай-ақ, Сіздің Жоғары мәртебеңіздің жауап Нотасы мен осы Нота екі Үкіметтің арасындағы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап, екі Үкіметтің арасындағы келісімді қалыптастыратындығын растау құрметіне ие болып отырмын.

Қолайлы жағдайды пайдаланып, Сізге деген құрметімді тағы да білдіргім келеді.

Қ а с ы м ж о м а р т

Т о қ а е в

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Сыртқы істер министрі

### **Рәсімдік шаралар жөніндегі келісілген хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі білім беру кешеніне арналған жабдықтарды (бұдан әрі - Жабдық) жеткізу" жобасы (бұдан әрі - "Жоба") бойынша Жапониямен мәдени ынтымақтастыққа қатысты 2006 жылғы 14 наурыздағы Алмасу ноталарының (бұдан әрі "Алмасу ноталары") 1., 2., 3., 4. және 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің өкілдері екі үкімет арасында белгіленген мынадай рәсімдік шараларды бекітуге тілек білдіреді:

1 . Т е н д е р

(1) Грант Алмасу ноталарының 3-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген жабдықтар мен қызмет көрсетулерді сатып алу үшін тиімді және кемсітілмей

пайдаланылуы тиіс. Осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осыған уәкілетті органға теңдер өткізуге көмек көрсету үшін тәуелсіз агент ж а л д а у ы қ а ж е т .

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган Қосымшаның 4-тармағында көрсетілген Агент қызметінің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті органға көмек көрсету үшін Жапония халықаралық ынтымақтастық жүйесінің "JICS" (бұдан әрі - Агент) қатысуына Алмасу ноталары күшіне енгеннен кейінгі бір айдың ішінде алмасу ноталарының 4-тармағына сәйкес к е л і с і м - ш а р т ж а с а с у ы т и і с .

(2) Осы келісім-шарт Жапония Үкіметінен жазбаша түрде растау алынғаннан кейін к ү ш і н е е н е д і .

## 2. А г е н т т і ң қ ы з м е т і н т ө л е у

(1) Алмасу ноталарының 1-тармағында көрсетілген сома Агенттің қызметін төлеуді қ а м т у ы т и і с .

(2) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті орган Алмасу ноталарының 5-тармағына сәйкес Алмасу ноталарының 4-тармақшасында көрсетілген банкке төлем құжатын жіберуі қажет.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Алмасу ноталарының 4-тармағында көрсетілген жабдықтар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі Жапония өкіметінің жұмысына қ а т ы с п а у ы т и і с .

4. Жоспар немесе Жоспардың жобасы қалыптастырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі кеңес өткізуі және Жапония Үкіметінің келісімін алуы тиіс.

---

Тетсуо ИТО  
Қазақстан Республикасындағы  
Жапонияның Төтенше  
және Өкілетті елшісі

---

Қасымжомарт Тоқаев  
Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрі

### **Талқылау хаттамасы**

"А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу" жобасы бойынша Жапониямен мәдени ынтымақтастыққа қатысты 2006 жылғы 14 наурыздағы Алмасу ноталарына (бұдан әрі - "Алмасу ноталары") байланысты Жапония мен Қазақстан өкілдері мыналар туралы к е л і с т і :

1. Алмасу ноталарының 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Жапонияның өкілдері Қазақстан Республикасының Үкіметі келісім-шартқа қатысты Алмасу ноталарының 4-тармағында көрсетілген сыбайлас жемқорлық қызметі ретінде бағалануы мүмкін барлық ұсыныстарды, сыйлықтарды, пайда алуға ұмтылуды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп Жапония Үкіметі

с а н а й т ы н ы н

м ә л і м д е д і .

2. Қазақстан делегациясының өкілдері Жапония тарапының осы өтінішіне қарсы емес екендігін мәлімдейді.

---

Тетсуо ИТО

Қазақстан Республикасындағы

Жапонияның Төтенше

және Өкілетті елшісі

Қосымша

**Агент қызметтерінің тізбесі**

1. Тендер өткізу үшін жабдықтардың (бұдан әрі - "Жабдық") тізімін дайындау, оның негізінде сауалы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті органның жазбаша нысанда Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігіне ж о л д а н а т ы н б о л а д ы .

2. Тендердің неғұрлым жоғары бағасын анықтау үшін жабдықтардың құны мен с и п а т т а м а с ы н қ а р а у .

3. Тендердің мерзімдері мен шарттарын, сондай-ақ техникалық сипаттамасын анықтайтын тендер құжаттарының жобаларын дайындау.

4. Тендер өткізу туралы хабарландыруды жариялау және тендер құжаттарын тарату.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе осыған уәкілетті тұлға Агенттің офисінде тендерге қатысушылар өкілдерінің қатысуымен тендерді ашады және тендерді бағалау мен тендерді өткізуді жүзеге асырады.

6. Тендер өткізу туралы ағылшын тілінде есеп дайындау және есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе осыған уәкілетті органға жіберу.